

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалы
Ақтау қалалық тіркеу және жар кадастры бөлімі

ЗАҢДЫ ТУРҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ 2024 ж. «11» II жүргізілді

БСН 96104000239

№ 1968-1943-КАО-АУ

Бастапқы тіркелген күні
2024 ж. «11» қазан

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының
2024 жылғы «23» желтоқсан
шешіміне қосымша
№ 02/33 хаттама № 5 мәселе

«АХТСП» ҰК» АҚ
Жалғыз акционерінің
2024 жылғы «23» желтоқсан
№ 02/33 хаттама шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**«АҚТАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ»
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ**

ЖАРҒЫСЫ

Ақтау қаласы, 2024 жыл

1 бап. Жалпы ережелер

1. Осы «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғмының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жасқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғам қайта тіркеуге дейін атауы «Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы болатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 04 желтоқсандағы №159 «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта құру туралы» бұйрығы негізінде құрылған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 қыркүйектегі №544 қаулысына сәйкес «Ақтау халықаралық теңіз сауда портының кейбір мәселелері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу» және «Ақтау теңіз сауда портына халықаралық маңызы бар теңіз порты мәртебесін беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 шілдедегі №768 қаулысының және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы басқармасының 2020 жылғы 27 тамыздағы (№02/26 хаттама) шешімі негізінде «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы атауы «Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына өзгертілді.

«Ақтау теңіз сауда портына халықаралық маңызы бар теңіз порты мәртебесін беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 21 қыркүйектегі №820 қаулысына сәйкес «Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атауы «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына өзгертілді.

3. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 04 желтоқсандағы №159 «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының барлық құқықтары мен міндеттерінің мұрагері болып табылады (2013 жылғы 28 қаңтардағы №1285-1943-01-АҚ заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік).

4. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, өз теңгерімі, банқтық есепшоттары бар, өзінің атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтар алуды, міндеттерді атқаруды жүзеге асырады, сотта талап етуші және жауапкер бола алады.

5. Қоғамның атауы және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де реквизиттері бар бланкілері бар.

6. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор), «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚТЖ) және Қоғамның басқа да құжаттарын басшылыққа алады.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға, филиалдар (өкілдіктер) ашуға құқылы.

2 бап. Қоғамның атқару органының атауы және орналасқан жері

8. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде - «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде - акционерное общество «Национальная компания «Актауский международный морской торговый порт»;

3) ағылшын тілінде – Joint stock company «National company «International Sea trade port of Aktau».

9. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде – «АХТСП» ҰК» АҚ;

2) орыс тілінде - АО «НК «АММТП»;

3) ағылшын тілінде - JSC «NC «ISTPA».

10. Қоғамның (оның Басқармасының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, №7 өнеркәсіптік аймағы, 43 ғимарат.

3 бап. Қоғамның мақсаты мен қызмет түрі

11. Қоғамның негізгі мақсаты таза табыс табу және құпия жұмыстардың барлық түрлерін жүзеге асыру кезінде құпиялылық режимін қамтамасыз ету болып табылады.

12. Қоғам қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей қызметтерді жүзеге асырады:

1) жүк ауыстырып тиеу;

2) кейін порттан шығып (кеме кіргізу) жүк операцияларын жүргізу және (немесе) өзге де мақсатта кеме кіргізу қызметтері;

3) кемелерге қызмет көрсету, оның ішінде:

агенттік қызметтер;

кемелерді жабдықтау қызметі (шипчандлерлік);
кемелерден тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды алу қызметі;

4) кемелер мен басқа да су көлігі құралдары мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

5) жүктермен көлік-экспедиторлық және қойма операциялары;

6) теңіз және өзге де кемелер жолаушыларына қызмет көрсету;

7) жүк және жолаушылар тасымалдау;

8) бункерлеу операциялары;

9) порт акваториясында теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

10) суды жинау, өңдеу және тарату-тарату желілері бойынша су беру;

11) көріз жүйесі-сарқынды суларды бұру;

12) қауіпті емес қалдықтарды жинау - лас су жинаушының қызметтері;

13) қауіпті қалдықтарды жинау - мұнай жинаушының қызметтері;

14) тасымалдау жөніндегі қызметтер:

- крандардың, тиегіштердің, тартқыштардың қызметтері;

- автокөлік (жүк автокөлік) беру;

15) басқа санаттарға жатқызылмаған жерүсті жолаушылар тасымалдарының өзге де түрлері:

- автокөлікті (жеңіл автокөлік) беру;

- қызметкерлерді клиенттің объектісіне жеткізу (аутстаффинг);

16) теңіз және жағалық жүк көлігі - арқандап байлау операцияларымен байланысты емес сүйрету қызметтері;

17) астықты сақтау және сақтау:

- жабық қоймада және ашық қойма алаңдарында сақтау;

- уақытша сақтау қоймасында сақтау;

18) астықтан басқа, азық-түлік емес тауарларды сақтау және сақтау:

- жабық қоймада және ашық қойма алаңдарында сақтау;

- уақытша сақтау қоймасында сақтау;

19) азық-түлік тауарларын сақтау және сақтау:

- жабық қоймада және ашық қойма алаңдарында сақтау;

- уақытша сақтау қоймасында сақтау;

20) су көлігі саласындағы қызметтер:

- кеменің теңіз портына мұнай мен мұнай өнімдерін танкерге/танкерлерге құбыржолдар арқылы ауыстырып тиеу үшін кіруі, одан кейін порттан шығуы (кеме қатынасы) үшін көрсетілетін қызметтер;

- арқандап байлау операциялары кезінде буксирді пайдалануға беру;

- теңіз портындағы лоцмандық сымдар қызметтері;

- теңіз агенттігі қызметтері;

- кеме капитанының өтінімі бойынша Кемелерді жағалаудағы тамақтандыруға жіберу;

- кеме капитанының өтінімі бойынша кемеге су беру (Кемелерді сумен бункерлеу);

- кейіннен кәдеге жарату үшін құрамында мұнай бар суларды өкетуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер;

21) жүктерді көліктік өңдеу:

- порттың күшімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстары (жүктерді ауыстырып тиеу, жүктерді қайта тиеу);

- клиенттердің күшімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстары (жүктерді ауыстырып тиеу, жүктерді қайта тиеу);

22) көліктік-экспедициялық қызметтер:

- теңіз, теміржол көлігіндегі экспедиторлық қызмет қызметтері;

- тапсырмалар, коносаменттер жазып беру;

- уақытша сақтау қоймасында жүкті құжаттамалық ресімдеу;

- паромдық қатынаспен келген және Ақтау порты арқылы транзитпен жүретін импорттық жүктерге құжаттарды сүйемелдеу және ресімдеу жөніндегі қызметтер;

- клиенттің одан әрі кедендік ресімдеуі үшін Ақтау халықаралық теңіз сауда портының аумағында "Бір терезе" қағидаты бойынша автокөлікпен паромдық қатынаспен келген жүктерге құжаттарды сүйемелдеу жөніндегі қызметтер;

- жүктерді жеткізу және жинау жұмыстары;

- уақытша сақтау қоймасында жүктің жай-күйін тексеру;

- жүкті бекіту;

- жүкті өлшеу;

23) меншікті жылжымайтын мүлікті жалға алу және басқару-үй-жайларды, негізгі құралдарды жалға алу;

24) ұлттық компаниялар құрған ұйымдардың стратегиялық объектілерге қызмет көрсету үшін техникалық және көмекші персонал беру жөніндегі қызметі:

- кеме капитанының өтінімі бойынша порт мамандарының қызметтері;

25) Заңнамаға сәйкес қажетті келісімдер алынған жағдайда өзге де қызмет.

13. Заңнамада белгіленген тәртіпте алыну қажет лицензияның немесе рұқсаттың өзге түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензиялардың немесе рұқсаттардың өзге түрін алған соң ғана жүзеге асырылады.

4 бап. Жалғыз акционер

14. Қоғамның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Жалғыз акционер) болып табылады.

5 бап. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

15. Жалғыз акционер

- 1) Заңда және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) Директорлар кеңесіне заңға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін мәселелер ұсынуға;
- 3) дивидендтер алуға;
- 4) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционер немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
- 5) Қоғамның орталық депозитарийінен немесе номиналды ұстаушыдан оның Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 6) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 7) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;
- 8) Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірген залалдарын Қоғамға өтеу және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының қорытынды (қорытындыға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (табысын) Қоғамға қайтару туралы талаппен сот органдарына жүгінуге мүдделілік бар ірі мәміле және (немесе) мәмілелер жасауға;
- 9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұратып жүгінуге және Қоғамға сұрау келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 10) Қоғам таратылған кезде Қоғам мүлігінің бір бөлігіне;
- 11) заңнамада көзделген жағдайлардан басқа Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын заңда белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алуға;
- 12) заңда көзделген тәртіппен акциялар санының өзгеруі немесе олардың түрінің өзгеруі туралы шешімдер қабылдауға;
- 13) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 14) Қоғамның аудитін өз есебінен жүргізуді талап етуге;
- 15) заңнамада белгіленген тәртіппен өз құқықтарын бұзғаны үшін өтемақы алуға құқылы.

16. Жалғыз акционер

- 1) акцияларды төлеуге;

2) 10 (он) жұмыс күні ішінде Қоғамның орталық депозитарийіне және (немесе) Жалғыз акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) қызметтік, коммерциялық немесе заңнамамен қорғалатын өзге де құпия құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

17. Қоғам мен Қоғамның тіркеушісі Жалғыз акционердің Жарғының осы бабы 16-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындамау салдары үшін жауапты болмайды.

6 бап. Қоғамның органдары

18. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқару органы – Басқарма.

7 бап. Жалғыз акционердің айрықша құзыреті

19. Қоғамда акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді.

Заңнамамен және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке қабылдайды және жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді заңнамаға және Жалғыз акционердің Жарғысына сәйкес осындай шешімдер қабылдауға құқылы Жалғыз акционердің органдары қабылдайды.

20. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне

1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

5) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

6) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;

- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығындарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 8) Заңнамамен белгіленген тәртіппен Басқарма төрағасының өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін тағайындау (сайлау) және мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 10) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 11) есептік қаржылық жылдағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту;
- 12) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысу не Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен өзге заңды тұлғаларға қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;
- 15) заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғамның акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер оны жалғыз құрылтайшы бекітпесе, әдістемені бекіту) өзгерістерді бекіту);
- 16) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
- 17) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
- 18) нәтижесінде (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) оның активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызы Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын мәміле туралы шешім қабылданған күні құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратынірі мәміле жасасу туралы Қоғамда шешім қабылдау;
- 19) Қор тобына кіретін ұйымдармен жасалған мәміледен басқа Қоғамда заңға сәйкес жасауға мүдделі ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау;
- 20) Қоғамның Қор тобына кіретін ұйымдармен жасауға мүдделі ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдауы, оның нәтижесінде Қоғам қабылдаған күні құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алады

немесе иеліктен шығару бойынша (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле туралы шешімдер, нәтижесінде оның теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызы сатып алынады немесе иеліктен шығарылады (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін);

21) Жалғыз акционердің компаниялар тобына қолданылатын саясаттар мен әдістемелерді, стандарттар мен басқа құжаттарды бекіту;

22) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

23) құны Жалғыз акционер белгілеген шектен асатын Қоғамның мүлігін есептен шығаруды келісу;

24) Жалғыз акционер бекітетін тізбе бойынша Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту;

25) Заңмен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер, оның ішінде ҚТЖ және (немесе) қор бекіткен құжаттармен Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.

21. Егер Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

22. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

8 бап. Директорлар кеңесі

23. Директорлар кеңесі Заңмен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден бақа Қоғам қызметіне жалпы басшылық етеді.

24. Егер заңда өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне төмендегідей мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау және белгіленген тәртіппен Қоғамның даму стратегиясын бекіту, сондай-ақ Қоғамның даму стратегиясын іске асыруды мониторингілеу (бар болса);

2) Даму жоспарын (бизнес-жоспарды) бекіту және оны іске асыруды мониторингілеу;

3) мәселелерді алдын ала мақұлдау және Жалғыз акционердің қарауына шығару;

4) жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде олардың орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да

бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

7) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) жасасу туралы шешімді заңға және осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционер қабылдайтын ірі мәмілелерден басқа ірі мәмілелерді және оларды жасауға Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

9) Қоғамның Қор тобына кіретін ұйымдармен жасауға мүдделі, нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін), құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу пайызынан азын құрайтын ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;

10) мәміле туралы шешім қабылданған күні құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің 3 (үш) пайызынан асатын мүлкті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле жасасуды келісу:

- заңнамаға немесе осы Жарғыға байланысты Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәмілелер;

- Қор құжаттарында белгіленген сатып алу рәсімдеріне сәйкес жасалатын мәмілелер;

- қормен, ҚТЖ, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде КТЖ тиесілі заңды тұлғалармен жасалатын мәмілелер;

11) Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақыларды айқындау мөлшері, тәртібі және төлеу шарттары бойынша ұсынымдар дайындау;

12) Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау;

13) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату (Басқарма төрағасынан басқа);

14) Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын айқындау, олардың қызметін бағалау;

15) Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелері үшін қызметтің мотивациялық түйінді көрсеткіштерін бекіту;

16) Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын айқындау, Корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту, корпоративтік хатшының қызметін бағалау, корпоративтік хатшының жұмыс жоспарлары мен қызметі туралы есептерді бекіту (ҚТЖ корпоративтік хатшысы аппаратымен келісім бойынша);

18) корпоративтік хатшы үшін мотивациялық негізгі көрсеткіштер мен олардың нысаналы мәндерін бекіту;

19) Қоғамның комплаенс-қызметі (комплаенс-бақылаушы) қызметкерлерін тағайындау, олардың өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ олардың лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын айқындау, Қоғамның комплаенс-қызметі (комплаенс-бақылаушы) туралы ережені бекіту, Қоғамның комплаенс-қызметі (комплаенс-бақылаушы) қызметкерлерінің қызметін бағалау. Қоғамның комплаенс-қызметінің (комплаенс-бақылаушының) жұмыс жоспарлары мен қызметі туралы есептерді бекіту (ҚТЖ Комплаенс қызметі басшысының келісімі бойынша);

20) Қоғамның корпоративтік хатшысының, комплаенс-қызметінің (комплаенс-бақылаушының) штаттық кестесін бекіту;

21) акцияларына (қатысу үлестеріне) Қоғам тікелей немесе жанама иелік ететін заңды тұлғаларда лауазымды адамдарды тағайындауға қатысты саясатты әзірлеу;

22) кәсіптері біліктілік талаптарын белгілеуді, тағайындауды келісуді, Қоғамның Директорлар кеңесінің олардың қызметін бағалауды көздейтін түйінді лауазымдардың тізбесін бекіту;

23) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйы қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушыны айқындау;

24) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайтын тізбе бойынша құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттардан басқа), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

25) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

26) қызметкерлердің жалпы санын және Қоғам құрылымын бекіту;

27) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

28) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

29) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

30) Қордың қолданыстағы актілеріне, ҚТЖ және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес маңызды және ірі инвестициялық жобалар, Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашылық ететін рентабельділігі төмен жобалар және өзге де жобалар бойынша шешімдерді алдын ала қабылдау;

31) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпарат айқындау;

32) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның қызметі туралы ақпарат, оның ішінде қаржылық ақпарат алу тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

33) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдауы;

34) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

35) Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдерін бекіту (Қоғамның, Жалғыз акционердің ішкі құжаттарымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда);

36) корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатты бекіту;

37) Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау;

38) Қоғамның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, өз құзыреті шеңберінде Қоғамның тиісті құжаттарына өзгерістерді бекіту;

39) өз құзыреті шеңберінде корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын мониторингілеу және реттеуге қатысу;

40) құрамына Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есеп кіретін Қоғамның жылдық есебін бекіту;

41) қоғамның Басқармасы туралы ережені бекіту;

42) Заңда және (немесе) Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер, Қоғамның Директорлар кеңесі, ҚТЖ және (немесе) қор бекіткен құжаттар.

25. Тізбесі Жарғының осы бабының 25-тармағында белгіленген мәселелер Басқармаға шешу үшін берілмейді.

26. Қоғамның сайланған Директорлар кеңесі не Қоғамның сайланған Директорлар кеңесі мүшелерінің саны жеткілікті болмауына байланысты шешім қабылдау үшін талап етілетін кворум болмаған жағдайларда, болмаған кезде Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

27. Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

28. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды адамдар мен Жалғыз акционер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделі мәмілелер жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалау және мүмкіндігінше жою;

2) Қоғамда корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

29. Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылу керек.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Жалғыз акционердің регламенттеуші құжаттарын ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

30. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі заңға және (немесе) Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функциялардың орындалуын өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

31. Директорлар кеңесінің мүшелері бәсекелес ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы емес.

32. Басқарма мүшелері, Қоғамның Басқарма төрағасынан басқа Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

33. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың және Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері және іскери және салалық ортада мінсіз беделді болу керек.

34. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге ұсынылатын өз қызметі туралы жылдық есеп құрамында өзі тәуелсіз деп санайтын Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін көрсету керек. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшесі шешімдер қабылдаған кезде тәуелсіз болғанын анықтап, Директорлар кеңесі мүшесінің Қазақстан Республикасының

заңнамасы бойынша тәуелсіздік өлшемдеріне сәйкестігін, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіз деп танылуына ықпал етуі мүмкін қатынастардың немесе мән-жайлардың болуын көрсете отырып, Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіз деп тану себептерін көрсету керек, оның ішінде, егер Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) Соңғы бес жыл ішінде Қоғамның немесе оның еншілес ұйымының қызметкері болған;

2) Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысынан басқа Қоғамнан қосымша сыйақы алған немесе алған;

3) басқа ұйымдарда немесе органдарда осындай лауазымды атқарған, басқа ұйымдарға немесе органдарға осындай қатысу арқылы Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен айтарлықтай байланысы бар;

4) Жалғыз акционерді немесе мемлекеттік басқару органдарын білдіреді;

5) тоғыз жылдан астам қатарынан Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болған болса көрсету керек.

35. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адам болу керек. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болу керек.

36. Директорлар кеңесіне:

1) заң актілерінде белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанша бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған тұлға мүше бола алмайды. Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын өзге де талаптар заңнамада және/немесе Жалғыз акционердің шешімдерінде белгіленеді.

37. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау жөнінде шешім қабылдаған кезде аяқталады. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейін қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам кез келген мерзімге сайлану (мысалы, екі, үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше

қаралу керек. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне тоғыз жылдан астам уақыт қатарынан сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау жыл сайын Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігі және осы фактордың шешім қабылдау тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып жүргізілу керек.

38. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Қоғамның Жалғыз акционері белгілейді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланған күні аяқталады.

39. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

40. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

41. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, жаңадан сайланған Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі тұтастай алғанда Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімі аяқталғанда бір мезгілде аяқталады.

42. Директорлар кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер сайлайды. Жалғыз акционер кез келген уақытта Директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

43. Директорлар кеңесінің төрағасы өз функцияларын Заңға, Жарғыға және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Заңда және Жарғыда белгіленген тәртіппен:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырып, жүргізеді;
- 3) Басқарма төрағасын материалдық көтермелеудің Қоғамның қызмет нәтижелеріне және даму жоспарының (бизнес-жоспарының) орындалуына тікелей тәуелділігін көздейтін Басқарма төрағасы мен Қоғам атынан еңбек шартына қол қояды;
- 4) Жалғыз акционерге Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды;
- 5) жыл сайын Директорлар кеңесінің қызметі туралы Жалғыз акционерді хабардар етеді;
- 6) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;
- 7) Директорлар кеңесі мүшелерінің дұрыс және анық ақпарат алуын қамтамасыз етеді;
- 8) Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің

қызметіне тиімді үлесін және Директорлар кеңесі мүшелері мен Басқарма арасындағы сындарлы қатынастарды қамтамасыз етеді;

9) жаңадан сайланған Директорлар кеңесі мүшелеріне лауазымға енгізу бағдарламасының берілуін қамтамасыз етеді;

10) Қоғамды басқару мәселелерін Жалғыз акционермен келіседі;

11) Жалғыз акционермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді, сондай-ақ Жалғыз акционердің пікірін Директорлар кеңесіне жеткізеді;

12) Жалғыз акционердің сұрақтарына жауап беруді қамтамасыз етеді;

13) Қоғам атынан Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерімен шарттарға қол қояды;

14) заңнамада, Жарғыда және Директорлар кеңесі туралы ережеде көзделген өзге де мәселелерді шешеді.

44. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

45. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқармасының бастамасы бойынша немесе:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

3) Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

46. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыру керек.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын, ал аса маңызды мәселелер бойынша Директорлар кеңесі бекітетін тізбеге сәйкес кемінде 15 (он бес) жұмыс күні бұрын жіберілуге тиіс.

Ірі мәміле және (немесе) жасауға мүдделі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамту керек.

47. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

48. Директорлар кеңесінің мүшесі Басқарманы, Директорлар кеңесінің төрағасын немесе корпоративтік хатшыны оның Директорлар кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабардар етуге міндетті. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлама арқылы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

49. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысынан кем болмау керек.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы Жалғыз акционерге жүгінуге міндетті.

50. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер заңда өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің (оның ішінде Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерінің жазбаша пікірлерін ескере отырып) немесе сырттай дауыс беруге қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

51. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

52. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон кеңесі» режимінде бір мезгілде сөйлесу) арқылы, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мұндай мүшесі Директорлар кеңесі отырысының барлық басқа қатысушыларымен сөйлесе алатын жағдайда өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып қатыса алады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің осы мүшесі Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысына жеке өзі қатысушы болып саналады және дауыс беруге және кворумда есепке алуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша ұсынған жазбаша пікірі кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріліп, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің осы мүшесінің дауыс бергені туралы жазба жасалатын отырыс хаттамасына тігіледі.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікірді Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенше күнтізбелік 1 (бір) күннен кешіктірмей ұсыну керек.

53. Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің шешімдерін сырттай дауыс беру арқылы қабылдауға болады.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдаған кезде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

54. Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінің мазмұнына қойылатын талаптар Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленеді.

55. Егер Директорлар кеңесі туралы ережеде өзге мерзімдер көзделмесе, отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қоса берілген материалдары бар сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 3 (үш) күннен кешіктірілмей жіберілу керек.

56. Толтырылған сырттай дауыс беру бюллетеніне Директорлар кеңесінің мүшесі қол қою керек.

Дауыстарды санау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.

57. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қою керек.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдерді және сырттай дауыс беру қорытындыларын корпоративтік хатшы осы шешім қабылданған бюллетеньдерді қоса бере отырып, шешімге қол қойылған сәттен бастап 20 (жиырма) күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберу керек.

58. Директорлар кеңесі тек қана бетпе-бет отырыстарда осы Жарғының 24-тармағының 1), 2), 6), 8)-10), 12)-15), 17), 19), 22), 26)-30), 38), 40) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қарау керек.

59. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіпте өткізілген отырысында қабылданған шешімдері Заң және Директорлар кеңесі туралы ереже талаптарына сәйкес ресімделетін және қол қойылатын хаттамада тіркеледі.

60. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері Қоғамда сақталады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша

10 (он) жұмыс күні ішінде оған Директорлар кеңесі (Директорлар кеңесі комитеттері) отырысының хаттамасын және (немесе) сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін береді және (немесе)

оған хаттамадан үзінді көшірмелер мен корпоративтік хатшының қолымен және мөр бедерімен расталған шешімдерді береді.

61. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Заңда және Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

62. Жалғыз акционер, егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, Қоғамның Директорлар кеңесінің Заң және Жарғы талаптарын бұза отырып қабылданған шешіміне сотта дау айтуға құқылы.

9 бап. Басқарма

63. Басқарма Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады, оның құзыретіне Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің барлық мәселелерін шешу жатады. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

64. Басқарма мүшелерінің саны кемінде 3 (үшеу) болу керек.

65. Басқарма мүшелері Жалғыз акционердің өкілдері және Қоғам қызметкерлері бола алады.

Басқарма мүшелері Басқарма отырыстарына қатысу арқылы Қоғам қызметін басқаруды жүзеге асырады.

Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы. Басқарма мүшесінің бәсекелес ұйымдарда Директорлар кеңесінің немесе атқарушы органның мүшесі лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ.

Басқарма төрағасының атқарушы органның басшысы не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға лауазымын, сондай-ақ бәсекелес ұйымдарда Директорлар кеңесінің немесе атқарушы органның мүшесі лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

Басқарма төрағасы мен мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. Басқарма мүшелерінің (Басқарма төрағасынан басқа) өкілеттік мерзімдері жалпы Басқарма өкілеттігінің мерзіміне сәйкес келеді.

66. Басқарманың құзыреті:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру;

2) Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау, мақұлдау;

3) Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын) әзірлеу, мақұлдау және Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

- 4) Қоғамның даму жоспарын (бизнес жоспарын) іске асыру;
- 5) Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның даму жоспары (бизнес-жоспары) шеңберінде Қоғамның (нақтыланған) бюджетін бекіту, Қоғамның (нақтыланған) бюджетін іске асыру және орындау;
- 6) Директорлар кеңесіне Қоғамның дивидендік саясатына, есептік қаржылық жылдағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібіне, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін айқындауға қатысты ұсынымдар дайындау жөніндегі ұсыныстарды қарау, мақұлдау, ұсыну;
- 7) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту үшін Директорлар кеңесіне дайындап, ұсыну;
- 8) Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті бекіту үшін Директорлар кеңесіне дайындап, ұсыну;
- 9) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін Қор тобының қайырымдылық бағдарламасына сәйкес Қоғамның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсету туралы шешімдер қабылдау;
- 10) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызынан азын сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау;
- 11) Қоғамның, Қоғам филиалдарының/өкілдіктерінің штат кестесін бекіту;
- 12) Қоғамның, Қоғам филиалдарының/өкілдіктерінің қызметкерлерінің жалпы саны мен құрылымын бекіту;
- 13) Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігін алдын ала мақұлдау;
- 14) бекіту Қоғамның Жалғыз акционері Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды Қоғам өзірлеген жағдайда оларды алдын ала мақұлдау;
- 15) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, Қоғамның Жалғыз акционері және Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын құжаттарды бекіту;
- 16) ішкі (қызметтік) ақпараттың қорғалуын және сақталуын қамтамасыз ету;
- 17) тәуекелдерді басқару жүйесіндегі және Қоғамның ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы Директорлар кеңесін уақтылы хабардар ету;
- 18) жасауға қатысты заңда ерекше шарттар белгіленген Қор тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу тәртібіне сәйкес жасауға Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 19) жасасу туралы шешімді Заңға және осы Жарғыға сәйкес акционер және Директорлар кеңесі қабылдайтын мәмілелерден басқа құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің 1 (бір) пайызынан астамын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе

иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы туралы шешім қабылдау;

20) ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және Қоғамдағы қызметтің үздіксіздігі рәсімдерін өзірлеуді және қолдануды қамтамасыз ету;

21) Қоғамның меншігіне қатысты заңсыз әрекеттерді туғызатын себептер мен жағдайларды анықтау жұмыстарын ұйымдастыру;

22) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам қызметкерлеріне шығындарды өтеу тәртібі мен шарттарын айқындау;

23) заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер, Директорлар кеңесі, ҚТЖ және (немесе) қор бекіткен құжаттар.

67. Басқарма отырыстарындағы шешімдер отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Басқарма мүшелерінің кемінде жартысы (кворум) қатысқан кезде Басқарма шешім қабылдауға құқылы.

68. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Басқарма дауыс берген кезде дауыстар тең болған жағдайда Басқарма төрағасының (Президентінің) дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

Басқарма шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысып отырған барлық Басқарма мүшелері қол қоюға және әрбір мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беруге қойылған мәселелер, дауыс беру қорытындылары қамтылу керек.

69. Басқармаға Басқарма төрағасы басшылық етеді.

70. Қоғамның Басқарма төрағасының құзыретіне Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құзыретіне жатпайтын, заңнамада, Жарғыда және Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және Басқарма қабылдаған өзге де құжаттарда айқындалған Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.

71. Қоғамның Басқарма төрағасы:

1) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) Қоғам қызметіне басшылық етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің 1 (бір) және одан аз пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) Қоғам атынан мәмілелер жасасады;

5) Қоғамның үшінші тұлғалармен, оның ішінде мемлекеттік және сот органдарымен қарым-қатынастарында өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді.

Мұндай сенім білдірілген өкілдер, егер оларға алынған сенімхатпен уәкілеттік берілген болса, сенімхаттарды қайта сенім білдіру тәртібімен беруге құқылы;

6) Қоғам қызметкерлеріне қатысты белгіленген тәртіппен еңбек шарттарын жасасады, өзгертеді, тоқтатады, соған сәйкес еңбек қатынастары туындайтын, өзгертін, тоқтатылатын актілер қабылдайды, Қоғам қызметкерлерін көтермелеу шараларын қолданып, тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның еңбекақы төлеу мәселелерін реттейтін Қоғам актілеріне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлерінің сыйақы мөлшерін, өкілеттіктерін тағайындауды, мерзімінен бұрын тоқтатуды айқындайды, сондай ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттарын айқындайды;

7) Басқарма мүшелері мен Қоғамның өзге де қызметкерлері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

8) талап-арыз білдіріп, қол қояды, талап-арыздардан бас тартады, талап-арыз талаптарын өзгертеді, бітімгершілік келісімдерге қол қояды;

9) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;

10) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

11) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және еншілес ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

12) белгіленген тәртіппен ұжымдық шарттар жасасады;

13) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында құжаттарды бекітеді;

14) Жалғыз акционерге Жалғыз акционер бекіткен нысандар бойынша және Жалғыз акционер белгілеген мерзімдерде Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын) іске асыру туралы есеп; Жалғыз акционер белгілеген мерзімдерде Жалғыз акционер бекіткен нысандар бойынша Қоғамның, оның еншілес және бірлескен бақыланатын ұйымдарының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы есептілікті ұсынады;

15) ол болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

16) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған өзге де құжаттарда айқындалған Қоғам Басқармасының құзыретіне жатпайтын Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

10 бап. Лауазымды тұлғалар, комплаенс-қызмет (комплаенс-бақылаушы), корпоративтік хатшы

72. Лауазымды адамдар ұғымын, лауазымды адамдар қызметінің қағидаттарын, олардың құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін, сондай-ақ лауазымды адамдарды жауапқа тарту тәртібін айқындау заңнамада және Жарғыда белгіленеді.

73. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша реттеуші талаптарды сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың халықаралық тәжірибесіне сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау тетіктерін енгізу үшін Қоғамда комплаенс-қызмет (комплаенс-бақылаушы) құрылады.

74. Комплаенс-қызметтің (комплаенс-бақылаушының) міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ оның жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін заңдармен және Комплаенс-қызмет (комплаенс-бақылаушы) туралы ережемен айқындалады.

75. Корпоративтік хатшы Қоғамның Директорлар кеңесінің немесе Басқарма мүшесі емес қызметкерін Директорлар кеңесі тағайындайды және Директорлар кеңесіне есеп береді.

76. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Директорлар кеңесі бекітетін Корпоративтік хатшы туралы ережемен және Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

11 бап. Қоғамның акциялары мен басқа да құнды қағаздары

77. Қоғам қарапайым акцияларды құжатсыз түрде шығарады.

78. Қоғам шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленетін басқа да бағалы қағаздарды, оның ішінде айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

79. Жай акция Жалғыз акционерге Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын шешімдер қабылдау құқығын, Жалғыз акционердің тиісті шешімі негізінде Қоғамда таза табыс болған кезде дивидендтер алу құқығын, сондай-ақ ол таратылған кезде Қоғам мүлігінің бір бөлігін заңнамада белгіленген тәртіппен береді.

80. Қосымша қаражат тарту үшін Қоғам заңнамаға сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

81. Облигациялар шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды өткізуден түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі заңнамада және облигациялар шығару проспектісінде айқындалады.

82. Қоғамның таза табысы (салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеген соң) Жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе Жалғыз акционердің шешімімен көзделген өзге де мақсаттарға бағытталады.

83. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеуі Жалғыз акционердің шешімі бойынша тоқсан, жартыжылдық немесе жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

84. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның сол немесе өзге кезеңдегі жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

85. Дивидендтер Қоғамның өзі орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялары бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционер оны тарату туралы шешім қабылдаса, есептелмейді және төленбейді.

86. Заңда көзделген жағдайларда дивидендтерді есептеуге жол берілмейді.

87. Жалғыз акционер, Заңда белгіленген жағдайлардан басқа Қоғамның берешегінің құрылу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге ақшалай міндеттеме орындалған күнге немесе оның тиісті бөлігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін дивидендтер мен өсімпұлдардың негізгі сомасы төленеді.

12 бап. Қаржылық есептілік, есеп жүргізу құжаттамасы және аудит

88. Қоғамның қаржылық жылы күнтізбелік жыл болып табылады (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін).

89. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында белгіленеді.

90. Басқарма жыл сайын Жалғыз акционерге аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті оны талқылау және бекіту үшін ұсынады. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Директорлар кеңесі Жалғыз акционер бекіткен күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей алдын ала бекіту керек.

Қаржылық есептіліктен басқа, Басқарма Жалғыз акционерге аудиторлық есепті, оның ішінде аудитордың ұсыныстарын (басшылыққа хат) береді.

Қоғам заңнамаға сәйкес қаржылық жыл қорытындысы бойынша жыл сайын аудит жүргізеді.

91. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғам есебінен не Жалғыз акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы. Жалғыз акционердің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті.

92. Егер Басқарма Қоғам аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап қоюы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

93. Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) жасауға мүдделі мәміле туралы ақпарат Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада ашылады, сондай-ақ «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес Жалғыз акционер мен инвесторлардың қаперіне беріледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміленің мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамту керек.

94. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің, сондай-ақ істердің ағымдағы жай-күйінің дұрыстығын тексеру және растау үшін Қоғам қаржылық жыл қорытындысы бойынша ол аяқталған соң заңнамада және Жалғыз акционердің шешімдерінде белгіленген тәртіппен Халықаралық қаржылық есептілік және аудит стандарттарына сәйкес жыл сайынғы аудит жүргізуге міндетті.

13 бап. Қоғамның ақпаратын ашу

95. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты ашуға міндетті.

Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты Қоғамның веб-сайтында (www.portaktau.kz) және (немесе) басқа интернет-ресурстарда және (немесе) заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен мерзімді баспасөз басылымында жариялайды.

96. Орналастырылатын ақпарат көлемі мен мазмұны заңнамамен айқындалады.

97. Қоғамның оның қызметіне қатысты құжаттарын Басқарма орналасқан жердегі қызметінің бүкіл мерзімі ішінде Қоғам сақтау керек.

98. Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі заңнамада белгіленген мерзім ішінде сақталады.

99. Жалғыз акционердің талабы бойынша Қоғам оған Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия құрайтын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия құрайтын ақпаратты қамтитын Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналысқа салудың және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар оның талабы бойынша Жалғыз акционерге танысу үшін ұсынылу керек.

100. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

101. Қоғамның Жалғыз акционері мен лауазымды тұлғалары серіктестік пайда болған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Қоғамға өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпарат береді.

Бұрын Қоғамның Жалғыз акционері немесе лауазымды адамы үлестес тұлға ретінде көрсеткен тұлға мұндай болуды тоқтатқан жағдайда, Қоғамның Жалғыз акционері немесе лауазымды адамы бұл туралы Қоғамды бес күн мерзімде хабардар етеді.

Үлестес тұлғалар туралы ақпаратты Қоғам уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тиісті нысан бойынша береді.

14 бап. Қоғамды қайта құру және тарату

102. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі заңнамамен реттеледі.

15 бап. Қорытынды ережелер

103. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

104. Егер Жарғы ережелерінің бірі жарамсыз болып қалса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсер етпейді. Жарамсыз ереже

заңды мағынада рұқсат етілген және мағынасы бойынша жақын ережемен ауыстырылады.

Басқарма төрағасы



А. Турикпенбаев



Ақтөбе, 2024 жыл

«09» қантар 2025 жылы, мен **ТУРЕБАЕВА РАХАТ АЛИМОВНА**, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі 24.03.2000 жылы берілген №0000743 мемлекеттік лицензия бойынша әрекет етуші, Маңғыстау аумақтық нотариалдық округінің Ақтау қаласының нотариусы, «Ақтау Халықаралық Теңіз Сауда Порты» Ұлттық Компаниясы» Акционерлік қоғамының басқарма төрағасының (президент) - аз. Турикпенбаев Абай Ногаевичтың, менің қатысуыммен қойған қолдарының түпнұсқалығын куәландырамын. Өкілдің жеке басы анықталды, оның әрекетке қабілеттілігі және өкілеттілігі, сондай-ақ «Ақтау Халықаралық Теңіз Сауда Порты» Ұлттық Компаниясы» АҚ құқықтық қабілеттілігі тексерілді.

«09» ягваря 2025 года я, **ТУРЕБАЕВА РАХАТ АЛИМОВНА**, нотариус города Ақтау Мангистауского территориального нотариального округа, действующей на основании государственной лицензии №0000743 выданной Министерством юстиции Республики Казахстан от 24.03.2000 года, свидетельствую подлинность подписей Акционерного общества «Национальная компания «Актауский Международный морской торговый порт» председателя правления (президент) - гр. Турикпенбаева Абая Ногаевича, которые сделана в моем присутствии. Личность его установлена, дееспособность и полномочия, а также правоспособность Акционерного общества «Национальная компания «Актауский Международный морской торговый порт» проверены.

Тізілімге тіркелді/Зарегистрировано в реестре за № 10
Жеке нотариуска төленген сома: ҚР СК 611 бабына сәйкес және ҚР «Нотариат туралы» заңының 30-1 бабына сай/Сумма оплачена частному нотариусу: согласно ст.611 НК РК и согласно ст. 30-1 Закона РК «О нотариате» - 4 325 тенге.



НОТАРИУС:



ES0900242400064156168R

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального